




Екі ауылға  
газ  
жетті

3-бет



«Қыздар, қыздар...»  
әні қалай  
өмірге келді?

8-бет



Әнұран  
ең көп  
шырқалған күн

15-бет

# EGEMEN QAZAQSTAN

№126 (30355) 5 ШІЛДЕ, СЕЙСЕНБІ 2022 ЖЫЛ

Жүз жылдық жинама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

## Жаңа форматтағы жұмыс қорытындыланды



Суретті түсірген А.ДИСІПБЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Президентке Мәжілістің VII шақырылымының екінші сессиясында атқарылған заң шығару жұмыстары туралы мәлімет берілді. Парламенттің төменгі палатасының спикері қабылданған бірқатар заңның Мемлекет басшысы ұсынған реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті.

Ерлан Қошановтың айтуынша, қазіргі уақытта депутаттар халықпен кездесулер өткізіп, жергілікті жерлердегі ахуалмен танысу үшін өңірлерге аттанған. Олар азаматтардың көтерген маңызды деген проблемаларын зерттеп, жүйелейді. Содан кейін Үкіметпен бірлесіп, бұл мәселелерді шешетін болады.

Мәжіліс Төрағасы Президентке Парламенттің төменгі палатасы жұмысының жаңа форматы, соның ішінде Қоғамдық палата құру жөнінде айтты.

Бұдан бөлек Ерлан Қошанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа Аманат партиясының қоғамдағы әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етуге және

азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жұмыстары туралы баяндады. «Жер аманаты» жобасы аясында пайдаланылмайтын және ауыл шаруашылығы мақсатындағы заңсыз берілген жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Партия Үкіметпен бірлесіп, «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыруда. Ауыл тұрғындары бөлшек сауда желісінің талаптары мен тұтынушылардың сұранысын ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі жаңа құзыреттерді үйренеді. Осы ретте тұрғындар саны 7,7 миллион адам болатын 2400 ауылдық округті қамту жоспарланып отыр.

Сонымен бірге Мәжіліс Төрағасы Мемлекет басшысына 23-24 маусым аралығында Чолпон-Ата қаласында өткен Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясының XI пленарлық отырысына қатысқан Қазақстан делегациясы жұмысының қорытындысы туралы баяндады.

## МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

# Киіктер кімге кедергі?

Біз енді ақбөкенге тоқмейілісі қалыппыз. Қазақтың кең даласында ақбөкендерге орын жоқ екен. Министрліктегілердің уәжіне сенсек, көбейіп кеткен киіктер шаруашылыққа кесірін тигізуде, сондықтан жануарларды аюдан басқа амал жоқ екен... Ауыл шаруашылығы министрінің «Аң аулау және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың

құнды түрлерінің тізбесін бекіту туралы» 2015 жылғы 16 ақпандағы бұйрығына өзгерістер енгізіп, тізбеден «киік» деген сөзді алып тастау туралы өңгіме ел ішінде біраз талқыланды. Алайда еліміздің Экология, геология және табиғи ресурстар министрі С.Брекешов Жайық популяциясына жататын 80 мың бас киікті ату туралы шешім қабылданғанын мәлім етті.



Гүлшайм ДӘУМТБАЙ,  
«Egemen Qazaqstan»

«Ғалымдар киік санын реттеу қажеттігін айтты» деген министр аталған популяцияда бар деп есептелген 800 мың киіктің 80 мыңы жойылатынын айтқан. Министрдің айтуынша, киіктер егін

алқаптарына кіріп кетіп, шаруашылыққа зиян тигізетін болғандықтан биологиялық негіздемеге сай оны реттеу қажет, яғни санын қалыпты жағдайда ұстау шарасы бийлығы күз айларынан бастап жүзеге асырылмақ.

Қазіргі мәлімет бойынша Қазақстанда 1 млн 300 мыңнан астам киік

бар деп есептеледі. Киіктер еліміз бойынша негізінен үш аймақта топ-тобымен өмір сүреді. Бұл таралымдар Орал популяциясы, Бетпақдала популяциясы және Үстірт популяциясы деп аталады.

(Соңы 14-бетте)

## Телефон арқылы сөйлесті

Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев телефон арқылы сөйлесу барысында екіжақты және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелерді талқылады. Қазақстан Президенті Өзбекстан

басшылығының Қарақалпақстандағы тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шешімі уақтылы қабылданғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевтің Конституцияға өзгерістер енгізу жөніндегі

\*\*\*

Мемлекет басшысы Еуропа одағының президенті Шарль Мишельмен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Қазақстан Президенті былтыр қараша айында өткен Брюссельдегі жеке кездесудің және қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асырудың маңызды екенін айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Еуропа одағымен кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық жөнінде Келісімге қол қойған бірінші ел екенін атап өтті. Бұл қарым-қатынастарымызды жаңа деңгейге көтерді. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі саналатын Еуропа одағымен орнықты байланысты дамытуға бейілді екеніне назар аударды.

Өңгіме барысында өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланды. Олар азық-түлік дағдарысының күрделене түскеніне алаңдаушылық білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық ахуалды жақсарту, ең өзекті деген мәселелер бойынша сенімді диалог орнату үшін күш біріктірудің маңызды екеніне тоқталды.

– Қазақстан Шығыс пен Батыс, Оңтүстік пен Солтүстік арасында «аралық нарық» рөлін атқара отырып, бұл іске өз үлесін қоса алар еді, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа

референдумды сәтті өткізуіне тілектестік білдіріп, бұл оқиға бауырлас Өзбекстанды жаңғыртуға бағытталған ауқымды саяси және әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды жүзеге асыру үшін маңызды қадам болатынын атап өтті.

Сонымен қатар екі ел басшылары Қырғызстанда өтетін Орталық Азия мемлекеттері көшбасшыларының алдағы консультативтік кездесуінің күн тәртібін талқылады.

одағын балама трансұрлықтық дәліздерді, соның ішінде Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту ісінде ынтымақтастық орнатуға шақырды.

Президент әлемдегі энергетикалық қауіпсіздікке төнетін қатерге алаңдайтынын жеткізді. Оның айтуынша, Қазақстан әлем және Еуропа нарығындағы ахуалды тұрақтандыру үшін өзінің көмірсутегі әлеуетін пайдалануға дайын екенін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Ауғанстандағы тұрақтылыққа және осы елге көмек беруге қатысты халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін қолдайтынын нақтылады.

Өңгіме соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Шарль Мишельді Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

## РЕСМИ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне стрестік активтер нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-бапта:

(Жалғасы 9-10-беттерде)

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар, дәрілік қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

(Жалғасы 10-11-12-беттерде)

## САҚТАНСАҢ – САҚТАЙДЫ

# Коронавирус қайталануы мүмкін бе?

«Коронавирус жұқтырғандар көбейсе, маска тағу режиміне қайта ораламыз» деген ақпараттар әр жерден көріне бастағаны белгілі. Сайып келгенде соның барлығы басты байлығымызға баса назар аударуға бағыттайды. Екі жылдай елдің есін шығарып, еңсесін басқан дерттің есігімізден еңбегінін қалаймыз. Дей тұрғанмен, сала мамандарының сақтандырылуына назар салып, құлақ түркеннің артығы болмас.

Рауан ҚАЙДАР,  
«Egemen Qazaqstan»

Елімізде жыл басында КВИ аурушандығының шамалы өсуі байқалған, алайда соңғы аптада алдыңғы аптамен салыстырғанда

аурушандық 3,6 есеге – 127-ден 457 жағдайға дейін өскен. Айта кету керек, COVID-19 ауруының өсуі басқа елдерде де байқалады. Мәселен, әлемдегі коронавирүс инфекциясы бойынша статистика деректерінің мәліметінше, соңғы 7 күнде сырқаттану

15%-ға, өлім-жітім 3%-ға артқан. Төсек орындардың қамтылуы 5%-ды құрайды, резервте 22 мыңнан астам орын бар.

Елімізде соңғы аптада 457 жағдайдың 391-і немесе 85 %-ы Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларына тиесілі. Вакцина алу мәртебесін талдау кезінде азаматтардың 80 %-ы КВИ-ге қарсы вакцина алмаған және вакцинадан кейін 6 айдан астам уақыт өткен адамдар екені анықталды.

(Соңы 6-бетте)



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне стрестік активтер нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

13-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «13-1) сервистік компания – осы Заңның 36-1-бабы 4-тармағының бірінші бөлігінде және (немесе) «Микрокаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғамен жасалған банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты (бұдан әрі – құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты) шеңберінде банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару бойынша, оның ішінде банктік қарыз шартының және (немесе) микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту бойынша, өзімен құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты жасалған тұлғаның мүдделерін сотта білдіру бойынша, борышкерден ақша және (немесе) өзге де мүлік қабылдау бойынша өкілеттіліктерге және осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шартында көзделген өзге де өкілеттіліктерге ие болған, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымы, коллекторлық агенттік;» мынадай мазмұндағы 13-2) тармақшамен толықтырылсын:

«13-2) төлемге қабілетсіз банк – уәкілетті органның шешімімен осы Заңға сәйкес төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк;»

2) 5-1-баптың 2-тармағы бірінші бөлігін 15-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«15-1) активтер, оның ішінде құқықтар (талаптар) бойынша берешекті қайта құрылымдауды жүргізуге, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны, комиссияларды, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды), өзге де берешекті толық немесе ішінара есептен шығаруға және (немесе) олардың күшін жоюға, активтерді басқаруға және оларды өткізуге, көрсетілген әрекеттер салдарынан туындайтын ықтимал зиянды мойындауға;»

3) 8-бап мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету болып табылған кепіл мүлік оған өндіріп алуды қолдану нәтижесінде банктің меншігіне өткен жағдайда, банк көрсетілген мүлік банктің меншігіне өткен күннен бастап үш жыл ішінде сауда-сағаттық (аукцион) өткізу арқылы мұндай мүлікті өткізуге міндетті. Жер учаскесін өткізу мерзімі Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып айқындалады.»

Банк Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде тұрғынжайды жалға берген жағдайда, банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету болып табылған кепіл мүлікті өткізу үшін осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзім жалдау мерзіміне узартылды.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде белгіленген талаптар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылады.

Осы тармақтың талабы осы баптың 7-тармағында көзделген заңды тұлғалардың акциялары немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлестері банктің меншігіне өткен жағдайларға қолданылмайды.»

4) 11-2-бап мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2-тармақтармен толықтырылсын:

«4-1. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымы құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты шеңберінде сервистік компания ретінде әрекет етуге құқылы.

Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымы шарттарды тіркеу журналында құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқарудың барлық шарттарын тіркейді және құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шартында берілуі көзделген қабылданатын және өзге де құжаттарды есепке алуды жүргізеді.

Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымы құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты шеңберінде:

1) талаптардың келісімі бойынша өзімен құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты жасалған тұлға берген өкілеттіліктер шеңберінде банктік қарыз шартының немесе микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуге құқылы. Банктік қарыз шартының және (немесе) микрокредит беру туралы шарттың талаптары осы Заңның 34-бабы 3-тармағының екінші бөлігіне және «Микрокаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес қарыз алушы үшін жақсартылған жағдайларда, оларды біржақты тәртіппен өзгертуге жол беріледі;

2) өзімен құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты жасалған тұлғаның мүдделерін сотта, оның ішінде берешекті өндіріп алу және (немесе) кепіл затына өндіріп алуды қолдану процесінде, білдіруге;

3) борышкерден өзімен құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты жасалған тұлғаның мүддесі үшін берешекті өтеу есебіне қолма-қол емес нысандағы ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, кейіннен осындай ақшаны және (немесе) осындай мүлікті оның пайдасына беретін болып, қабылдауға;

4) бағалаушылардың, аудиторлардың, заңгерлердің және өзге де консультанттардың көрсетілетін қызметтерін пайдалануға;

5) құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шартында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын, сервистік компания ретінде әрекет ететін банктің еншілес ұйымына сыйақыны, сондай-ақ сенімгерлік басқарумен байланысты шығыстарды банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтарға (талаптарға) ие болған тұлға құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шартының талаптарына сәйкес төлейді (өтейді).

Қарыз алушы және (немесе) оның өкілі: 1) құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шартын жасасқан тұлғадан бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымы, оның орналасқан жері, онда қарыз алушының дербес деректерінің болуы, берешектің мөлшері мен құрылымы туралы мәліметтерді алуға;

2) жүгінуді себептерін негіздеп отырып, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын, құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шартына сәйкес сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын банктің еншілес ұйымына банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындаумен байланысты көрсетілген шарттың талаптарын өзгерту туралы өтінішін жүгінуге құқылы.

4-2. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымы «Коллекторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының

1, 2, 4-тармақтарында, 5-тармағының 1), 3), 4), 5), 6) және 9) тармақшаларында және 6-тармағында көзделген талаптарды ескере отырып, құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты шеңберінде қарыз алушылармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады және құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен кредитор мен борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулерді сақтауға міндетті.

Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымы өзінің қызметін ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдаған не сот бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымының қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда:

1) жоғарыда көрсетілген шешім қабылданғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде:

өзіне банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаға не оның нұсқауы бойынша мұндай тұлға құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқарудың жаңа шартын жасасқан сервистік компанияға құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты негізінде, өз қызметін ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдаған не сот оның қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаған күнге бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымына берілген, банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) бойынша барлық мәліметтер мен құжаттарды беруге;

құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқарудың жасалған барлық шарттарын бұзуға міндетті.

Өзіне банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлға не мұндай тұлға құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқарудың жаңа шартын жасасқан сервистік компания осы тармақтың екінші бөлігі 1) тармақшасының екінші абзаында көзделген жағдайда, мәліметтер мен құжаттардың қабылдануын қамтамасыз етуге міндетті;

2) жоғарыда көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде бұл туралы:

құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шартында көзделген тәсілдермен өздерімен құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарттары жасалған тұлғаларды;

өздеріне банктік қарыз шарттары немесе микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтар (талаптар) құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарттары негізінде берілген борышкерлерді мына тәсілдердің бірімен:

бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымының борышкерлермен байланыстарға арналған телефон нөмірлерінен телефонмен сөйлесу арқылы;

жеке кездесулер арқылы;

борышкер – жеке тұлғаға тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) бойынша, борышкер – заңды тұлғаға орналасқан жері (нақты мекенжайы) бойынша жіберілетін жазбаша (пошталық) хабарламалар арқылы;

ұялы байланыс бойынша мәтіндік, дауыстық және өзге де хабарлар арқылы;

Интернет желісі арқылы хабардар етуге міндетті;»

5) 34-баптың 14-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) үшінші тұлғаға берілген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасымен кредитордың қарыз алушымен банктік қарыз шарты шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулердің күші қарыз алушының өзіне банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады, ал банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына берілген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен кредитордың қарыз алушымен банктік қарыз шарты шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулердің күші қарыз алушының сервистік компаниямен құқықтық қатынастарына қолданылады.

Өзіне банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) берілген үшінші тұлғаның, сондай-ақ сервистік компанияның Қазақстан Республикасының заңнамасымен кредитордың қарыз алушымен банктік қарыз шарты шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулердің күші қарыз алушының сервистік компаниямен құқықтық қатынастарына қолданылады.

7) 36-1-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның құқықтарды (талаптарды) мынадай тұлғаларға:

1) коллекторлық агенттікке;

банкке;

банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға;

бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымына;

екінші деңгейдегі банктің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымға;

секьюритилендіру мәмілесі кезінде Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясына;

акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын ұйымға;

қаражатты банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда шарты түрде орналастыру арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру жөніндегі мәміле шеңберінде жасалған банктік қарыз шарты бойынша – жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорына;

жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты банктік қарыз шарты бойынша немесе заңды тұлғаның халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құндыздану белгілері, оның ішінде банктік қарыз шарты бойынша құқыққа (талапқа) ие болған немесе ол туындаған (жасалған) кезде анықталған банктік қарыз шарты бойынша құқыққа (талапқа) қатысты өзге тұлғаға беруін қоспағанда, банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға беруді жүргізуіне тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде оның ішінде абзацында аталған тұлға банктік қарыз шарты бойынша алынған құқықтарды (талаптарды) мынадай жағдайлардың бірінде:

құқықтар (талаптар) жеке тұлғаның кәсіпкерлік

қызметті жүзеге асырумен байланысты банктік қарыз шарты бойынша алынғанда;

құқықтар (талаптар) бюджеттің мөлшері басқаға беру күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 16 500 еселенген мөлшерінен аспайтын заңды тұлғаның банктік қарыз шарты бойынша алынғанда;

егер өзіне банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлға Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына береді.

Банктік қарыз шарттары бойынша құқықтар (талаптар) мынадай шарттар бір мезгілде орындалған кезде:

1) коллекторлық агенттік жарғылық капиталының, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымы бас ұйымның меншікті капиталының мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген ең аз мәннен төмен емес мәнді құрағанда;

2) қызметті:

банкке немесе банк холдингіне банктің бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын еншілес ұйым құруына рұқсат берілген;

коллекторлық агенттік коллекторлық агенттіктер тізіліміне енгізілген кезден бастап үш жыл бойы жүзеге асырғанда;

3) сервистік компаниялар тізіліміне енгізу күніне уәкілетті орган қолданған орындалмаған және (немесе) қолданыстағы қадағалап ден қою шаралары немесе шектеулі әсер ету шаралары және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 211-1-бабында және 227-бабының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалар болмағанда;

4) сервистік компанияның бірінші басшысында алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы болмағанда;

5) сервистік компания уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келгенде, сервистік компанияға берілуі мүмкін.

Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымдарына және банктік қарыз шарттары бойынша құқықтар (талаптар) сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін сервистік компаниялар ретінде әрекет ететін коллекторлық агенттіктерге қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін сервистік компаниялардың тізілімін жүргізеді және оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Сервистік компанияның сервистік компаниялар тізілімін шығару құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шартын бұзу үшін негіз болып табылады.

Банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына берілген жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігінде оның ішінде абзацында аталған тұлға банктік қарыз шарты бойынша өзіне берілген құқыққа (талапқа) қатысты кредитордың құқықтарын сервистік компаниямен жасалған құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты шеңберінде не оны осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған тұлғаларға қайта беру арқылы іске асырады.

Сервистік компаниямен құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты бұзылған жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігінде оның ішінде абзацында аталған тұлға басқа сервистік компаниямен құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шартын жасасауға не құқықтарды (талаптарды) осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған тұлғаларға қайта беруге міндетті.

Осы тармақтың талаптары банктің құқықты (талапты) соңғы сатыдағы қарыз бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру жағдайларына қолданылмайды.»

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым мүлік кепілімен қамтамасыз етілген банктік қарыз шарты бойынша құқықты (талапты) осы баптың 4-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғаларға құқық (талап) берілгенге дейін соңғы алты ай ішінде «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы жүргізген мүлік құнын бағалаусыз беруге құқылы емес.»

6, 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын: «6. Бір қарыз алушыға қатысты банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды), бұл құқықтар (талаптар) секьюритилендіру мәмілесінің нысанасы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, бірнеше тұлғаға беруге жол берілмейді.

7. Банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шарты (бұдан әрі – басқаға беру шарты) жасалған кезде, банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым:

1) басқаға беру шарты жасалғанға дейін қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) банктік қарыз шартында көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен, банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға берумен байланысты қарыз алушының дербес деректерінің өңделетіні туралы хабардар етуге;

2) қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) банктік қарыз шартында көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен, үшінші тұлғаға банктік қарыз шарты бойынша құқықтардың (талаптардың) өтіп кеткені туралы, басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, банктік қарыз шарты бойынша одан әрі төлемдерді үшінші тұлғаға (өзіне банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаның не банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда – сервистік компанияның атауын, орналасқан жерін және банктік деректемелерін) жүзеге асыру қажеттілігін, банктік қарыз шарты бойынша берілген құқықтардың (талаптардың) көлемін, банктік қарыз шарты бойынша берешектің мөлшері мен құрылымын (негізгі борышты, сыйақыны, комиссияларды, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып, хабардар етуге;

3) өзіне банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаға не сервистік компанияға (банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына берілген жағдайда) мынадай құжаттарды:

банктік қарыз шартын; кепіл шартын және кепіл затына құқық белгілейтін құжаттарды (банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау кепілмен қамтамасыз етілген жағдайда); кепілгерлік немесе кепілдік шартын (банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау кепілгерлікпен немесе кепілдікпен қамтамасыз етілген жағдайда); құқықтарды (талаптарды) басқаға беру күніне қарыз алушы берешегінің есеп-қисабын;

қарыз алушымен наразылық хат алмасуды (бар болса); қарыз алушы – заңды тұлғаның құрылтай құжаттарын, қарыз алушы – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты;

қарыз алушының берешекті өтегенін растайтын құжаттарды;

кепілге салынған мүлікті өткізу жөніндегі құжаттарды (бар болса);

басқаға беру шартына сәйкес өзге де құжаттарды беруге міндетті.

Барлық құқықтар (талаптар) қарыз алушыға берілген жағдайда, банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым өзіне банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап) берілген тұлғаға өздерінде бар барлық құжаттардың түпнұсқаларын береді, ал банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына берілген жағдайда, көрсетілген құжаттардың түпнұсқалары сервистік компанияға беріледі.

Банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым), өзіне банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлға, сервистік компания банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүлікке құқық белгілейтін құжаттардың түпнұсқаларын жоғалтқаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа болады.

Құқықтардың (талаптардың) бір бөлігі қарыз алушыға берілген жағдайда, банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым осындай құқықтарды (талаптарды) куәландыратын құжаттардың түпнұсқаларын сақтауға және көрсетілген құжаттардың нотариат куәландырып көшірмелерін өзіне банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап) ішінара берілген тұлғаға беруге құқылы, ал банктік қарыз шарты бойынша құқықтардың (талаптардың) бір бөлігі сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына берілген жағдайда, көрсетілген құжаттардың нотариат куәландырып көшірмелері сервистік компанияға беріледі;

4) басқаға беру шарты жасалғаннан кейін банктік қарыз шарты бойынша берешекті өтеу есебіне алынған ақшаны өзіне банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаның банктік шотына әрбір қарыз алушы бойынша төлемдерді таратып жазылуын бере отырып, аударуға міндетті.

8. Өзіне банктік қарыз шарты бойынша банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның құқығы (талабы) берілген тұлғаның осындай құқықты (талапты) осы бапта көзделген шарттарды сақтамай, қайта беруіне тыйым салынады.»

8) 50-баптың 4-тармағының екінші бөлігінде: 1-3) тармақшадағы «талап ету құқығын» деген сө

**(Соңы. Басы 1, 9-беттерде)**

3. «Микроқаржылық қызмет туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) сервистік компания – «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-1-бабы 4-тармағының бірінші бөлігінде және (немесе) осы Заңның 9-1-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғамен жасалған банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты (бұдан әрі – сенімгерлік басқару шарты) шеңберінде банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару бойынша, оның ішінде банктік қарыз шартының және (немесе) микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту бойынша, өзімен сенімгерлік басқару шарты жасалған тұлғаның мүдделерін сотта білдіру бойынша, борышкерден ақша және (немесе) өзге де мүлік қабылдау бойынша өкілеттіліктерге және осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және сенімгерлік басқару шартында көзделген өзге де өкілеттіліктерге ие болған, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне не болатын банктің еншілес ұйымы, коллекторлық агенттік»;

2) 3-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету болып табылған кепіл мүлкі оған өндіріп алуды қолдану нәтижесінде микроқаржы ұйымының меншігіне өткен жағдайда, микроқаржы ұйымы көрсетілген мүлік микроқаржы ұйымының меншігіне өткен күннен бастап үш жыл ішінде сауда-саттық (аукцион) өткізу арқылы осындай мүлікті өткізуге міндетті. Жер учаскесін өткізу мерзімі Қазақстан Республикасының қарж кодексіне көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып айқындалады.

Осы тармақта белгіленген талап ломбардтарға қолданымайды.»

3) 4-баптың 4-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1. Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) үшінші тұлғаға берілген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасымен кредитордың қарыз алушымен микрокредит беру туралы шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулердің күші қарыз алушының өзіне микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады, ал микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына берілген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен кредитордың қарыз алушымен микрокредит беру туралы шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулердің күші қарыз алушының сервистік компаниямен құқықтық қатынастарына қолданылады.

Өзіне микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген үшінші тұлғаның, сондай-ақ сервистік компанияның Қазақстан Республикасының заңнамасымен кредитордың қарыз алушымен микрокредит беру туралы шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулерді бұзуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.»

4) 9-1-бапта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Микроқаржы ұйымының құқықтарды (талаптарды) мынадай тұлғаларға:

екінші деңгейдегі банкке; коллекторлық агенттікке; микроқаржы ұйымына; секьюритилендіру мәмілесі кезінде Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясына;

микроқаржы ұйымы қамтамасыз етілген облигацияларды шығарған немесе қарыз алған кезде микрокредит беру туралы шарт бойынша талап ету құқықтарын кепіл ұстаушы – заңды тұлғаға;

қаражатты микроқаржы ұйымдарында шартты түрде орналастыру арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру жөніндегі мәміле шеңберінде жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша – жеке кәсіпкерлік дамытудың арнайы қорына; және тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты микрокредит беру туралы шарты бойынша немесе заңды тұлғаның халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құнысыздану белгілері, оның ішінде микрокредит беру туралы шарт бойынша құқыққа (талапқа) ие болған немесе олар туындаған (жасалған) кезде анықталған микрокредит беру туралы шарты бойынша құқыққа (талапқа) қатысты өзге тұлғаға берілуін қоспағанда, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға беруді жүргізуіне тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің сегізінші абзацында аталған тұлға микрокредит беру туралы шарт бойынша алынған құқықтарды (талаптарды) мынадай жағдайлардың бірінде:

құқықтар (талаптар) жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты микрокредит беру туралы шарты бойынша алынғанда;

құқықтар (талаптар) берешегінің мөлшері басқаға беру күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 16 500 еселенген мөлшерінен аспайтын заңды тұлғаның микрокредит беру туралы шарты бойынша алынғанда;

етер өзіне микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлға Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына береді.

Микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтар (талаптар) мынадай шарттар бір мезгілде орындалған кезде:

1) коллекторлық агенттік жарғылық капиталының, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие

болатын банктің еншілес ұйымы бас ұйымының меншік капиталының мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген ең аз мәннен төмен емес мәнді құрағанда;

2) қызметті: банкке немесе банк холдингіне банктің бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын еншілес ұйым құруына рұқсат берілген;

коллекторлық агенттік коллекторлық агенттіктер тізіліміне енгізілген кезден бастап үш жыл бойы жүзеге асырғанда;

3) сервистік компаниялар тізіліміне енгізу күніне уәкілетті орган қолданған орындалмаған және (немесе) қолданыстағы қадағалап ден қою шаралары немесе шектеулі әсер ету шаралары және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 211-1-бабында және 227-бабының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалар болмағанда;

4) сервистік компанияның бірінші басышында алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы болмағанда;

5) сервистік компания уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келгенде сервистік компанияға берілуі мүмкін.

Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымдарына және микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтар (талаптар) сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін сервистік компаниялар ретінде әрекет ететін коллекторлық агенттіктерге қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін сервистік компаниялардың тізілімін жүргізеді және оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Сервистік компанияны сервистік компаниялар тізілімінен шығару сенімгерлік басқару шартын бұзу үшін негіз болып табылады.

Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына берілген жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігінің сегізінші абзацында аталған тұлға микрокредит беру туралы шарт бойынша өзіне берілген құқыққа (талапқа) қатысты кредитордың құқықтарын сервистік компаниямен жасалған сенімгерлік басқару шарты шеңберінде не осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған тұлғаларға қайта беру арқылы іске асырады.

Сервистік компаниямен сенімгерлік басқару шарты бұзылған жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігінің сегізінші абзацында аталған тұлға басқа сервистік компаниямен жана сенімгерлік басқару шартын жасауға не құқықтарды (талаптарды) осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған тұлғаларға қайта беруге міндетті.

Осы тармақтың талаптары осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларға қолданылмайды.»

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын: «6-1. Микроқаржы ұйымы мүлік кепілімен қамтамасыз етілген микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талапты) осы баптың 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғаларға құқық (талап) басқаға берілгенге дейін соңғы алты ай ішінде «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы жүргізген мүлік құнын бағалаусыз беруге құқылы емес.»

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Бір қарыз алушыға қатысты микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды), бұл құқықтар (талаптар) секьюритилендіру мәмілесінің нысаны болып табылатын жағдайларды қоспағанда, бірнеше тұлғаға беруге жол берілмейді.»

8-тармақта:

бірінші абзацтағы «Микроқаржы ұйымының микрокредит беру туралы шарт бойынша құқығының (талап етуінің) үшінші тұлғаға өтуі талаптары қамтылған шарт (бұдан әрі – талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасасылған» деген сөздер «Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру туралы шарт (бұдан әрі – басқаға беру шарты) жасалған» деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшада: «талап ету құқығын» деген сөздер алып тасталсын; «құқықтардың (талап етулердің)» деген сөздер «микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтардың (талаптардың)» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) микрокредит беру туралы шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өтіп кеткені туралы, басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, микрокредит беру туралы шарт бойынша одан әрі төлемдерді үшінші тұлғаға (өзіне микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаның не микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда – сервистік компанияның атауын, орналасқан жерін және банктік деректемелерін) жүзеге асыру қажеттілігін, микрокредит беру туралы шарт бойынша берілген құқықтардың (талаптардың) көлемін, микрокредит беру туралы шарт бойынша берешектің мөлшері мен құрылымын (негізгі борышты, сыйақыны, комиссияларды, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып, хабардар етуге.»;

3) тармақшада: бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«3) өзіне микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаға не сервистік компанияға (микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына берілген жағдайда) мынадай құжаттарды: микрокредит беру туралы шартты; кепіл шартын және кепіл затына құқық белгілейтін құжаттарды (микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау кепілімен қамтамасыз етілген жағдайда);

кепілгерлік немесе кепілдік шартын (микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау

кепілгерлікпен немесе кепілдікпен қамтамасыз етілген жағдайда);

құқықтарды (талаптарды) басқаға беру күніне қарыз алушы берешегінің есеп-кісабын;

қарыз алушымен наразылық хат алмасуды (бар болса); қарыз алушы – заңды тұлғаның құрылтай құжаттарын, қарыз алушы – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты;

қарыз алушының берешекті өтегенін растайтын құжаттарды;

кепілге салынған мүлікті өткізу жөніндегі құжаттарды (бар болса);

басқаға беру шартына сәйкес өзге де құжаттарды беруге міндетті.

Барлық құқықтар (талаптар) қарыз алушыға берілген жағдайда, микроқаржы ұйымы өзіне микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап) берілген тұлғаға өзінде бар барлық құжаттардың түпнұсқаларын береді, ал микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына берілген жағдайда, көрсетілген құжаттардың түпнұсқалары сервистік компанияға беріледі.»

үшінші бөлік «, ал микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтардың (талаптардың) бір бөлігі сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына берілген жағдайда, көрсетілген құжаттардың нотариал куәландырылған көшірмелері сервистік компанияға беріледі» деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын: «Микроқаржы ұйымы, өзіне микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлға, сервистік компания микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүлікке құқық белгілейтін құжаттардың түпнұсқаларын жоғалтқаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа болады.»

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) басқаға беру шарты жасалғаннан кейін микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өтеу есебіне алынған ақшаны өзіне микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаның банктік шотына әрбір қарыз алушы бойынша төлемдердің таратып жазылуын бере отырып, аударуға міндетті.»

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Өзіне микрокредит беру туралы шарт бойынша микроқаржы ұйымының құқығы (талабы) берілген тұлғаның осындай құқықты (талапты) осы бапта көзделген шарттарды сақтамай, басқаға беруіне тыйым салынады.»

5) 21-бапта:

5-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5-1. Микрокредит беру туралы шарт бойынша банк омбудсманына өзінің қарауында жатқан, қарыз алушы – жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) осы Заңның 9-1-бабының 4-тармағында және 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғаға берілген осы шарттан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу жөніндегі өтініштері бойынша ашылуы мүмкін.»

6-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) басқаға берілген (қайта берілген) кезде осы Заңның 9-1-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғалардың коллекторлық агенттікпен жасалған берешекті өндіріп алу туралы шарт шеңберінде осы коллекторлық агенттікке немесе осы Заңның 9-1-бабына сәйкес сенімгерлік басқару шарты шеңберінде сервистік компанияға микрокредит жөнінде ақпарат беруі;»

4. «Коллекторлық қызмет туралы» 2017 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына: 1) 1-бап мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) сервистік компания – «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-1-бабы 4-тармағының бірінші бөлігінде және (немесе) «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғамен жасалған банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару бойынша, оның ішінде банктік қарыз шартының және (немесе) микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту бойынша, өзімен сенімгерлік басқару шарты жасалған тұлғаның мүдделерін сотта білдіру бойынша, борышкерден ақша және (немесе) өзге де мүлік қабылдау бойынша өкілеттіліктерге және осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және сенімгерлік басқару шартында қарыз алушыға өзге де өкілеттіліктерге ие болған, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтеріне ие болатын банктің еншілес ұйымы, коллекторлық агенттік»;»

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Осы баптың 1, 2, 4-тармақтарының, 5-тармағы 1), 3), 4), 5), 6) және 9) тармақшаларының және 6-тармағының талаптары сервистік компанияларға қолданылады.»

3) 9-бапта:

5-тармақта:

бірінші бөлікте:

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«өзіне банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаға не оның нұсқауы бойынша мұндай тұлға сенімгерлік басқаруының жана шартын жасасқан сервистік компанияға уәкілетті органның оны коллекторлық агенттіктердің тізілімінен шығарылғаны туралы хабарламасын алған не коллекторлық агенттік коллекторлық қызметті жүзеге асыруды ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдаған күнге, сенімгерлік басқару шарты негізінде коллекторлық агенттікке берілген, банктік

қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтар (талаптар) бойынша барлық мәліметтер мен құжаттарды беруге.»;

төртінші абзац «шарттарды» деген сөзден кейін «және (немесе) сенімгерлік басқару шарттарын» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын: «Өзіне банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлға не мұндай тұлға сенімгерлік басқарудың жана шартын жасасқан сервистік компания осы тармақтың бірінші бөлігінің төртінші абзацында көзделген жағдайда, мәліметтер мен құжаттардың қабылдануын қамтамасыз етуге міндетті.»;

6-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен және төртінші абзацындағы «тәсілдермен хабардар етуге міндетті.» деген сөздер «тәсілдермен» деген сөзбен ауыстырылып, бесінші абзацпен толықтырылсын:

«сенімгерлік басқару шартында көзделген тәсілдермен өздерімен сенімгерлік басқару шарттары жасалған тұлғаларды.»;

«өздеріне банктік қарыз шарттары немесе микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтар (талаптар) сенімгерлік басқару шарттары негізінде берілген борышкерлерді осы Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген тәсілдермен хабардар етуге міндетті.»;

4) 10-баптың 1-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Коллекторлық агенттік шарттарды тіркеу журналында берешекті өндіріп алу туралы барлық шарттарды, құқықты (талапты) басқаға беру шарттарын, сенімгерлік басқару шарттарын тіркейді және кредиторлардан қабылданатын құжаттарды.»;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) сенімгерлік басқару шарттарын.»;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) берешекті өндіріп алу туралы шартта, құқықты (талапты) басқаға беру шартында, сенімгерлік басқару шартында берілуі көзделген өзге де құжаттарды есепке алуды жүргізеді.»;

5) 14-бапта: мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) сенімгерлік басқару шарты шеңберінде сервистік компания ретінде әрекет етуге құқылы.

Коллекторлық агенттік сенімгерлік басқару шарты шеңберінде:

таратптардың келісімі бойынша өзімен сенімгерлік басқару шарты жасалған тұлға берген өкілеттіліктер шеңберінде банктік қарыз шартының немесе микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуге құқылы. Банктік қарыз шартының және (немесе) микрокредит беру туралы шарттың талаптары «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 3-тармағының екінші бөлігіне және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес қарыз алушы үшін жақсартылған жағдайларда, оларды біржақты төртінші өзгертуге жол беріледі;

өзімен сенімгерлік басқару шарты жасалған тұлғаның мүдделерін сотта, оның ішінде берешекті өндіріп алу және (немесе) кепіл затына өндіріп алуды қолдану процесінде, білдіруге;

борышкерден өзімен сенімгерлік басқару шарты жасалған тұлғаның мүддесі үшін берешекті өтеу есебіне қолма-қол емес нысандағы ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, кейіннен осындай ақшаны және (немесе) осындай мүлікті оның пайдалына бере отырып, қабылдауға;

бағалаушылардың, аудиторлардың, заңгерлердің және өзге де консультанттардың көрсетілетін қызметтерін пайдалануға құқылы.

Сервистік компания ретінде әрекет ететін коллекторлық агенттікке сыйақыны, сондай-ақ сенімгерлік басқарумен байланысты шығыстарды банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтарға (талаптарға) ие болған тұлға сенімгерлік басқару шартының талаптарына сәйкес төлейді (өтейді);»

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, берешекті өндіріп алу туралы шартта және (немесе) құқықты (талапты) басқаға беру шартында және (немесе) сенімгерлік басқару шартында белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.»

6) 15-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

«18-1) сенімгерлік басқару шарты шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен кредитор мен борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулерді сақтауға.»

7) 16-баптың 1-тармағының 1) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) кредитордан, коллекторлық агенттікпен сенімгерлік басқару шартын жасасқан тұлғадан, берешек бойынша борышкерге талап қою құқығы бар коллекторлық агенттіктен коллекторлық агенттік, оның орналасқан жері, коллекторлық агенттікте борышкердің дербес деректерінің болуы, берешектің мөлшері мен құрылымы туралы мәліметтер алуға.»;

«8) жүгіну себептерін негіздей отырып, кредиторға не сенімгерлік басқару шартына сәйкес сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын коллекторлық агенттікке банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындаумен байланысты көрсетілген шарттардың талаптарын өзгерту туралы өтінішпен жүгінуге.»

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті**  
**К. ТОҚАЕВ**

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 4 шілде  
№ 133-VII ҚРЗ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет,

**(Жалғасы. Басы 1, 10-беттерде)**

мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;

2) 53-баптың 6-тармағындағы «мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуына мониторинг жүргізу» деген сөздер «мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау» деген сөздермен ауыстырылсын.

5. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 236-1) тармақшамен толықтырылсын:

«236-1) стратегиялық маңызды дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар – мынадай:

әскери іс-қимылдар және олардың салдарларын жою; төтенше жағдайлардың туындауы, алдын алу және салдарларын жою;

жана аса қауіпті инфекциялық аурулардың туындау, таралу катері және олардың салдарларын жою; қолайсыз химиялық, биологиялық, радиациялық факторлардың әсері салдарынан болған аурулар мен зақымданулардың профилактикасы, оларды диагностикалау, емдеу, сондай-ақ олардың салдарларын жою;

Еуразиялық экономикалық одақа мүше мемлекеттердің ең болмағанда біреуіне қатысты шектеуші экономикалық шараларды енгізу жағдайында мүше мемлекеттердің нарықтарында дәрілік заттардың немесе медициналық бұйымдардың болмауы немесе болмау катері жағдайларында медициналық қолдануға арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар;»;

2) 7-бапта:

97) тармақшада:

«іске асыру» деген сөздер алып тасталсын;

«оны» деген сөз «нәтижелерін» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 104-1) тармақшамен толықтырылсын:

«104-1) стратегиялық маңызды дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін айқындайды;»;

3) 8-баптың 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«19) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың көрсетілетін медициналық көмектің деңгейі мен сапасына қанағаттануы бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастырады, оның іске асырылуына мониторинг және нәтижелеріне бағалау жүргізеді;»;

4) 12-баптың 2-тармағының 32) тармақшасында:

«іске асыру» деген сөздер алып тасталсын;

«оны» деген сөз «нәтижелерін» деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 23-бапта:

1-тармақтың 5) тармақшасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Стратегиялық маңызды дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) дәрілік заттардың немесе медициналық бұйымдардың балқ-өнімдері.»;

6) 233-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымы саласындағы субъектілер дәрілік заттарды өндіру үшін пайдаланатын дәрілік заттардың немесе медициналық бұйымдардың балқ-өнімдерін көтерме саудада өткізуді қоспағанда, дәрілік заттардың немесе медициналық бұйымдардың балқ-өнімдерін көтерме және бөлшек саудада өткізуге тыйым салынады;»;

7) 245-баптың 7-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын.

6. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

39-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы «құрылтайшы» деген сөзден кейін «, қамқоршылық кеңес» деген сөздермен толықтырылсын.

7. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» 2005 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы;»;

2) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты іске асыру, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар ұсыну және сыйлықақылар беру процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.»;

3) 1-бапта:

3-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар саласындағы мемлекеттік орган (бұдан әрі – мемлекеттік орган) – мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау, үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттарды қалыптастыру және олардың тиімділігін бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган, оның ішінде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар;»;

мынадай мазмұндағы 5-2), 5-3), 5-4) және 5-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-2) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру – мемлекеттік органдардың мемлекеттік гранттардың бағыттарын айқындау, мемлекеттік гранттар үшін бюджет қаражатын жыл сайынғы және (немесе) орта мерзімді қоспарлау және айқындау рәсімін жүргізу жөніндегі қызметі;

5-3) мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалау – жобаларды іске асыру барысында алынған нәтижелерді, олардың қойылған мақсаттар мен күтілетін нәтижелерге сәйкестігін талдау процесі;

5-4) стратегиялық әріптес – стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес конкурстық іріктеуден өткен, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шарт жасалған үкіметтік емес ұйым;

5-5) стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс – орталық атқарушы органдар жалпыұлттық басымдықтарды іске асыру үшін үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін тарту мақсатында үкіметтік емес ұйымдарға беретін қаражат;»;

7-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7-1) үкіметтік емес ұйымдарға арналған грант (бұдан әрі – грант) – үкіметтік емес ұйымдардың гранттық қаржыландыру саласындағы оператор азаматтық бастамаларды қолдау, әлеуметтік саланы дамытудың өзекті мәселелерін шешуге үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін тарту мақсатында үкіметтік емес ұйымдарға беретін қаражат;»;

7-5) тармақша «тапсырысты» деген сөзден кейін «, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған

мемлекеттік тапсырысты» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 2-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«2-бап. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы;»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.»;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Осы Заңның күші оператордың қатысуынсыз гранттар беруге байланысты туындайтын қатынастарға, сондай-ақ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында реттелген гранттар беру процесінде туындайтын қатынастарға қолданылмайды.»;

5) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«3-бап. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, гранттар ұсыну және сыйлықақылар беру қағидағтары Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, гранттар ұсыну және сыйлықақылар беру мынадай қағидағтарға негізделеді:

1) заңдылық;

2) Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік бағдарламаларды, әлеуметтік жобаларды іске асыру тиімділігін арттыру;

3) Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік міндеттерді шешуге қатысуы;

4) үкіметтік емес ұйымдар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, гранттар ұсыну және сыйлықақылар беру процесінің жариялылығы мен ашықтығы;»;

6) 4-бап мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

1-2) стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың бағыттарын айқындайды;»;

7) 4-1 және 4-2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1-бап. Уәкілетті органның қызметі

Уәкілетті орган:

1) мемлекеттік органдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

2) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсетеді;

3) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

5) мемлекеттік органдар қалыптастыратын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тақырыптарын өзінің интернет-ресурсында орналастырады;

6) жыл сайын 31 наурызға дейін Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру қорытындыларын бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат ұсынады;

7) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларын бекітеді;

8) Үйлестіру кеңесін құрады, ол туралы ережені және оның құрамын бекітеді;

9) орталық мемлекеттік органдардың қызметіне жататын мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесін Үйлестіру кеңесінің қарауына жібереді;

10) Үйлестіру кеңесінің мемлекеттік гранттардың бағыттары бойынша ұсынымдарын олардың қызметіне сәйкес орталық мемлекеттік органдарға жібереді;

11) оператордың өз қызметінің нәтижелері туралы есебін қарайды және оның нысанын бекітеді;

12) сыйлықақылар беру қағидаларын бекітеді және оларды беруді жүзеге асырады;

13) стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

14) жыл сайын 1 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметін орталық атқарушы органдар ұсынатын ақпарат негізінде стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың нәтижелері туралы ақпарат береді;

15) Қазақстан Республикасының Үкіметіне стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың бағыттарын айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

16) «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 41-бабының 5-тармағына сәйкес ұсынылатын мәліметтерді Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына енгізу үшін тексеруді жүзеге асырады;

17) Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорын қалыптастыру тәртібін айқындайды;

18) Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорын жүргізуді жүзеге асырады;

19) осы Заңда Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4-2-бап. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметі

1. Орталық мемлекеттік органдар:

1) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады;

2) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөнінде кеңестер құрады;

3) уәкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуы жөніндегі ақпаратты ұсынады;

4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоһарланатын тақырыптарын және іске асырылуы жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды өздерінің интернет-ресурстарында орналастырады;

5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсетеді;

6) өздерінің қызметі шегінде оператор арқылы мемлекеттік гранттар береді және оператордың мемлекеттік гранттардың іске асырылу нәтижелері туралы есебін қарайды;

7) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау

қағидаларына сәйкес азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады;

8) Үйлестіру кеңесінің ұсынымдары негізінде бағыттары мен қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік гранттарды қалыптастырады;

9) стратегиялық әріптестерді конкурстық іріктеуді жүргізеді және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес олармен шарттар жасасады;

10) стратегиялық әріптестердің жасалған шарттарға және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес міндеттемелерді орындауын бағалауды жүзеге асырады;

11) жыл сайын 1 желтоқсанға дейін уәкілетті органға стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың нәтижелері туралы ақпарат ұсынады;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 9) – 11) тармақшаларында көзделген әрекеттер Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға қолданылмайды.

2. Жергілікті атқарушы органдар:

1) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады;

2) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөнінде кеңестер құрады;

3) уәкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуы жөніндегі ақпаратты ұсынады;

4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоһарланатын тақырыптарын және іске асырылуы жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды өздерінің интернет-ресурстарында орналастырады;

5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсетеді;

6) өздерінің қызметі шегінде оператор арқылы мемлекеттік гранттар береді және оператордың мемлекеттік гранттардың іске асырылу нәтижелері туралы есебін қарайды;

7) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына сәйкес азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады;

8) мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестердің қарауына шығарады;

9) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестерді ұсынымдары негізінде бағыттары мен қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік гранттарды қалыптастырады;

10) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

8) 4-3-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі «мониторингтің нәтижелері,» деген сөздерден кейін «сондай-ақ стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың нәтижелері,» деген сөздермен толықтырылсын;

9) 5-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«5-бап. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты іске асыру, мемлекеттік гранттар ұсыну және сыйлықақылар беру салалары;»

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру, мемлекеттік гранттар ұсыну және сыйлықақылар беру мынадай салалар бойынша жүзеге асырылады;»;

15) тармақшадағы «жәрдемдесу бойынша жүзеге асырылады,» деген сөздер «жәрдемдесу» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

«16) волонтерлік бастамаларды дамыту және қолдау.»;

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру:»

«1) өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) көмек көрсету;

2) жануарларға жауапты қарауды қалыптастыру, оның ішінде жануарларға арналған панажайларды қолдау салалары;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әлеуметтік маңызы бар салалар бойынша да жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс салалары шеңберінде тақырыпты қалыптастырылады; мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жалпыұлттық басымдықтарға сәйкес жүзеге асырылады.»;

10) 5-1-баптағы «, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар беретін мәліметтер» деген сөздер алып тасталсын;

11) 6-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс осы Заңға және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Заңның 5-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген салалар бойынша жарғылық мақсаттарға сәйкес қызметті жүзеге асыратын әлеуетті өнім берушілер конкурса қатысуға жіберіледі.»;

12) 6-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1-бап. Гранттар

1) Гранттар:

1) бюджет қаражаты есебінен берілетін мемлекеттік гранттар;

2) бюджеттен тыс қаржыландыру көздерінен берілетін мемлекеттік емес гранттар болып бөлінеді.

2. Мемлекеттік гранттар мынадай түрлерге бөлінеді:

1) қысқа мерзімді гранттар – іске асыру мерзімі үш айдан бір жылға дейін құрайтын, қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен кем емес және үш мың еселенген мөлшерінен аспайтын гранттар;

2) орта мерзімді гранттар – іске асыру мерзімі бір жылдан екі жылға дейін құрайтын, қаржыланд



### (Соңы. Басы 1, 10-11-беттерде)

9-бап. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.;

8. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияны беру тәртібі мен қағидаларын белгілейді.»;

2) 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының құрметті атақтары мен мемлекеттік наградаларына ие болған шығармашыл қызметкерлерді және мәдениет қызметкерлерін, сондай-ақ аса дарынды және шығармашыл қызметкерлерді мемлекеттік қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендия тағайындалады.»;

3) 31-баптың 2-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. Шығармашылық одақтарды қаржыландыру Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ филантропиялық қызмет және (немесе) демеушілік қызмет және (немесе) мененаттық қызмет есебінен жүзеге асырылады.».

9. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

17-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтер, арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған конкурстарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы және Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы заңнамасына сәйкес қатысуға.»;

10. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 2010 жылғы

4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

5-баптың 10) тармақшасындағы «іске асыруды, іске асыру» деген сөздер «оның іске асырылу» деген сөздермен ауыстырылсын.

11. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

75-бап мынадай мазмұндағы 15-тармақпен толықтырылсын:

«15. Коммуналдық мүлік қайырымдылық және волонтерлік ұйымдарға осы баптың 3-тармағының үшінші бөлігінде көзделген тәртіпке сәйкес кейіннен сатып алу құқығынсыз жеңілдікті шарттармен сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін.».

12. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы

15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-баптың 6) тармақшасындағы «іске асыруды, іске асыру мониторингін және осы тапсырыстың» деген сөздер «оның іске асырылу мониторингін және» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 29-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингін және тұлғалар, коммерциялық емес ұйымдар өз бастамасы бойынша және өз есебінен жүргізеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингін Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша да жүргізіледі.»

13. «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен камсздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

«2-2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 341-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес кірістері және тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен алып тасталған қызметті жүзеге асыру кезеңдері.»;

2) 15-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі «кезені үшін» деген сөздерден кейін «, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 341-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес кірістері және тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен алып тасталған қызметті жүзеге асыру кезеңдері.»;

3) 16-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі «олардың тура алдындағы немесе олардан кейінгі» деген сөздер «көрсетілген кезеңнің тура алдындағы немесе одан кейінгі» деген сөздермен ауыстырылсын.

14. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 жылғы 9 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына: бүкіл мәтін бойынша «іске асыруды, іске асыру мониторингін және осы тапсырыстың» деген сөздер «оның іске асырылу мониторингін және» деген сөздермен ауыстырылсын.

15. «Қайырымдылық туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

2), 4), 4-1), 4-2) және 4-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) демеушілік қызмет – демеушінің осы Заңға, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес демеушінің атын көпшілікке танымал ету шарттарымен демеушілік көмек көрсету жөніндегі қызметі;»

«4) ерікті қайырымдылықтар – пайдаланушыларға олардың әлеуметтік сипаттағы мәселелерін шешу үшін берілген ақша, сондай-ақ өзге де мүлік;

4-1) корпоративтік қайырымдылық – кәсіпкерлік субъектілерінің қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі ерікті қызметі;

4-2) кіші отан – аумағында жеке тұлға туған және (немесе) өз өмірінің бір бөлігін өткізген Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі;

4-3) кіші отанға қолдау көрсететін адам – кіші отанға қолдау көрсететін жеке тұлға;»

мынадай мазмұндағы 4-4) тармақшамен толықтырылсын:

«4-4) кіші отанды қолдау – патриотизмге негізделген, кіші отанға қолдау көрсетуге бағытталған ерікті қызмет;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) қайырымдылық волонтері – қайырымдылық ұйымымен немесе пайдаланушымен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған шарт негізінде өз тәжірибесін, арнайы дағдыларын, білімін, икемін, жеке байланыстарын қолдану арқылы қаражат жинауға қатысатын жеке тұлға;»;

мынадай мазмұндағы 10-1), 11-1) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

«10-1) қайырымдылық саласындағы уәкілетті орган – қайырымдылық саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;»;

«11-1) қаражат жинау – ерікті қайырымдылықтарды және (немесе) қайырымдылық көмекті тарту процесі;»;

«18) электрондық қайырымдылық – электрондық тәсілмен жүзеге асырылатын ақша түріндегі ерікті қайырымдылықтарды тарту жөніндегі қызмет;»;

2) 3-баптың 1-тармағы «Қайырымдылық жасаушылар», «қайырымдылық жасаушылардың», «қайырымдылық жасаушының» деген сөздерден кейін тисінінше «, қайырымдылық ұйымдары», «қайырымдылық ұйымдарының және», «, қайырымдылық ұйымының» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 4-бапта:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жеке және заңды тұлғалар, ғимараттар мен құрылыстар, жануарлар мен өсімдіктер қайырымдылық объектілері болады.

3. Қайырымдылық жасаушылар, қайырымдылық ұйымдары және қайырымдылық волонтерлері қайырымдылық субъектілері болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Қайырымдылық субъектілері мен объектілері көрінуе жалған ақпарат таратқаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа болады.»;

4) 1-тарау мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2-баптармен толықтырылсын:

«4-1-бап. Электрондық қайырымдылық

Электрондық қайырымдылыққа байланысты ақша аударымдарын қайырымдылық жасаушылар және (немесе) қайырымдылық ұйымдары Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарына сәйкес көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер арқылы электрондық тәсілмен жүзеге асырады.

4-2-бап. Корпоративтік қайырымдылық

1. Корпоративтік қайырымдылықты дамыту туралы шешім қабылдаған жағдайда кәсіпкерлік субъектілері қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі ішкі құжаттарды әзірлейді.

2. Ішкі құжаттар қайырымдылық көмектің қағидаларын, негізгі бағыттарын, пайдаланушыларға оны көрсету тәртібін, кәсіпкерлік субъектісі бюджетінің шығыс бөлігін қалыптастыру тәртібін айқындайды.

3. Көрсетілетін қайырымдылық көмектің мақсаттары осы Заңның 2-бабына сәйкес айқындалады.»;

5) 6-бапта:

2-тармақтағы «қайырымдылық жасаушылардың» деген сөздер «қайырымдылық субъектілерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қайырымдылық жасаушылар филантропиялық және (немесе) демеушілік және (немесе) мененаттық қызметті және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асырған кезде, қайырымдылық ұйымдары қайырымдылықты жүзеге асырған кезде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай алады.

5. Мемлекеттік органдардың бюджет қаражаты есебінен қайырымдылықпен айналысуға, сондай-ақ қайырымдылық жасаушы немесе қайырымдылық ұйымы бекіткен қайырымдылық бағдарламасына біржақты тәртіппен өзгеріс (өзгерістер) енгізуге құқығы жоқ.

6. Мемлекет қайырымдылық субъектілеріне Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен мемлекеттік наградалар, сондай-ақ қайырымдылық саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен құрметті атақтар белгілеу және беру арқылы қайырымдылықты ынталандырады.»;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Мемлекет қайырымдылық ұйымдарына «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес коммуналдық мүлікті кейіннен сатып алу құқығынсыз жеңілдікті шарттармен сенімгерлік басқаруға беру түрінде қолдау көрсетеді.»;

6) 7-бапта:

1-тармақ «қайырымдылық жасаушылар» деген сөздерден кейін «, қайырымдылық ұйымдары» деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ алып тасталсын;

7) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

«7-1-бап. Қайырымдылық саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Қайырымдылық саласындағы уәкілетті орган:

1) қайырымдылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) қайырымдылық саласындағы жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

3) қайырымдылық саласындағы құрметті атақ беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4) қайырымдылық саласындағы құрметті атақ береді;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

8) 8-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) қаражат жинауды жүзеге асыруға;»

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) жылына бір реттен сиретпей орындалған қайырымдылық бағдарламасы туралы есепті бұқаралық ақпарат құралдарында және (немесе) қайырымдылық ұйымының интернет-ресурсында жариялауға міндетті.

Есепте қайырымдылық бағдарламасын орындау шеңберіндегі кірістер мен шығыстар, қол жеткізілген мақсаттар туралы қысқаша ақпарат қамтылуға тиіс.»;

9) 11-бапта:

1-тармақ «Қайырымдылық жасаушы» деген сөздерден кейін «немесе қайырымдылық ұйымы» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ «Қайырымдылық жасаушы» деген сөздерден кейін «немесе қайырымдылық ұйымы» деген сөздермен толықтырылсын;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Пайдаланушыға өз мүлкін берген қайырымдылық жасаушының немесе қайырымдылық ұйымының одан осы мүлікті пайдалану туралы есепті талап етуге құқығы бар.

4. Қайырымдылық жасаушыдан немесе қайырымдылық ұйымынан нысаналы сипаты бар қайырымдылық көмек ретінде ақша алған пайдаланушы қайырымдылық жасаушының немесе қайырымдылық ұйымының талап етуі бойынша осы Заңның 5-бабының 3-тармағына сәйкес қайырымдылық жасаушы немесе қайырымдылық ұйымы және пайдаланушы арасындағы шарттық қатынастарда айқындалған мерзімдерде және тәртіппен есеп береді.»;

10) 12-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) қайырымдылық гранттары;»;

11) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«13-бап. Қайырымдылық бағдарламасы

1. Қайырымдылық бағдарламасын қайырымдылық жасаушы және (немесе) қайырымдылық ұйымы әзірлейді, бекітеді және орындайды.

2. Қайырымдылық бағдарламасы мақсаттарды, міндеттерді, іске асыру кезеңін, болжамды кірістер мен шығыстар сметасын қамтиды.

3. Қайырымдылық жасаушы және (немесе) қайырымдылық ұйымы бір немесе бірнеше қайырымдылық бағдарламасын жүзеге асыруы мүмкін.

4. Қайырымдылық бағдарламасының орындалуы қайырымдылық жасаушының және (немесе) қайырымдылық ұйымының есебімен расталады.»;

12) 19-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Бір жүз миллион теңгеден аз соманы құрайтын нысаналы капиталды (ендаументті) басқаруды ұйымның құрылтай немесе ішкі құжаттарында осыған уәкілеттік берілген қайырымдылық ұйымының басқару органы жүзеге асырады.»;

13) 20-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қайырымдылық гранттарының саны мен мөлшерін осы Заңның 19-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес ұйымның құрылтай немесе ішкі құжаттарында осыған уәкілеттік берілген қайырымдылық ұйымының басқару органы немесе басқарушы компания белгілейді.»;

14) 21-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Нысаналы капиталды (ендаументті) тарту туралы шешімді осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздердің бірі болған кезде ұйымның құрылтай немесе ішкі құжаттарында осыған уәкілеттік берілген қайырымдылық ұйымының басқару органы қабылдайды.»;

15) 22-бап мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) Қазақстан Республикасының медициналық мекемелерінде және (немесе) шетелде шұғыл ақылы емделуге мұқтаж және тұлғалар;»;

16) 23-баптың 2, 3 және 4-тармақтары алып тасталсын;

17) мынадай мазмұндағы 23-1-баппен толықтырылсын:

«23-1-бап. Қайырымдылық волонтері

1. Он сегіз жастан асқан адам қайырымдылық волонтері бола алады.

2. Қайырымдылық волонтерінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған шарт негізінде қайырымдылық ұйымының немесе пайдаланушының пайдасына қаражат жинауды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Қайырымдылық волонтері қайырымдылық ұйымына немесе пайдаланушыға жасалған шартқа сәйкес қаражат жинау туралы есеп берген міндетті.

4. Мемлекеттік қызметшілер қайырымдылық волонтерлері бола алмайды.»;

18) 28-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын.

16. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

5-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Заңның 14-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 9) тармақшасында көзделген адамдарды қоспағанда, қорға өздері үшін аударымдар және (немесе) жарналар төленбеген адамдар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекке құқық алу үшін қорға төленбеген кезең үшін, бірақ төлем күнінің алдындағы он екі айдан асырмай, республикалық бюджет туралы заңда ағымдағы қаржы жылына белгіленген жалақының ең төмен мөлшерінің 5 пайызы мөлшерінде әрбір ай үшін жарналар төлеуге міндетті.»;

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

«3-2. Осы Заңның 14-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 9) тармақшасында көзделген, қорға жарналар төлемеген адамдар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекке құқық алу үшін қорға мынадай тәсілдердің бірімен:

1) төлем күнінен кейінгі он екі ай кезең үшін республикалық бюджет туралы заңда ағымдағы қаржы жылына белгіленген жалақының ең төмен мөлшерінің 5 пайызы мөлшерінде, әрбір ай үшін;

2) төленбеген кезең үшін, бірақ төлем күнінің алдындағы он екі айдан асырмай, республикалық бюджет туралы заңда ағымдағы қаржы жылына белгіленген жалақының ең төмен мөлшерінің 5 пайызы мөлшерінде әрбір ай үшін жарналар төлейді.».

17. «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

18-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Әлеуметтік кәсіптік бағдарлауды Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар туралы және мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтудың жеке агенттіктерін және (немесе) өзге де ұйымдарды тарту құқығымен халықты жұмыспен қамту орталықтары жүргізеді.».

18. «Волонтерлік қызмет туралы» 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

5) тармақшадағы «жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүдделерінде» деген сөздер алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) волонтерлік қызмет саласындағы уәкілетті орган – волонтерлік қызмет